

Шектеу іс-шараларының немесе карантин аймағының ветеринариялық режимін тоқтату туралы

Алматы облысы Ақсу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" заңының 10-1 бабының 8 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 37-бабының 8 тармағына сәйкес және Ақсу аудандық инспекцияның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2014 жылғы 19 қарашадағы № 246 ұсыныс негізінде, Қарасу ауылдық округ әкімі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қарасу ауылдық округінің Еңбек ауылында ұсақ мүйізді малдар арасынан сарып ауруына қарсы сауықтыру шараларының аяқталуына байланысты ветеринариялық режимі алынсын.

2. Қарасу ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 1 "Шектеу іс-шараларын немесе карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" Алматы облысы әділет департаментіне тіреку тізіліміне 2014 жылдың 22 шілдедегі № 2778 нөмерімен енгізілген, Ақсу аудандық "Ақсу өңірі" газетінің 2014 жылғы 16 тамыздағы № 33 нөмеріде жарияланған шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өз құзырыма қалдырамын.

Округ әкімі

Т. Арғынбаев